

**№15 негізгі орта мектебінің психологиялық-педагогикалық
консилиум туралы Ереже**

1. Жалпы ережелер

1. №15 негізгі орта мектебінің психологиялық-педагогикалық консилиумы (ары қарай ППк) психологиялық-педагогикалық қолдау қызметі мамандарының өзара әрекеттесуі болып табылады. Консилиумның қызметі мектеп оқушыларының дамуы мен оқуындағы ерекшеліктерді зерттеуді және олардың мәселелерін шешуді кешенді тәсілдермен қамтамасыз етуге бағытталған.
2. Мектептік ППк өзінің қызметінде БҰҰ «Бала құқықтары туралы» конвенциясын (Нью-Йорк, 20 қараша 1989 жылы), Қазақстан Республикасындағы «Балалар құқығы туралы» Заңдарын (8 тамыз 2002 жылы), ҚР «Білім туралы» Заңын (9 сәуір 2016 жылы), ҚР «Кемтар балаларды әлеуметтік, медициналық-педагогикалық түзеу арқылы қолдау туралы» Заңын (11 шілде 2002 жылы) және басқа да нормативті құқықтық актілерді басшылыққа алады.

2. Консилиум мақсаты мен міндеттері

1. ППк мақсаты бала дамуының біріңғай стратегиясын құру мен жүзеге асыру, консилиум баланың жанұясы мен оның оқуын жүзеге асыратын педагогтарға көмек ұйымдастыруға бағытталған кәсіпаралық ынтымақтастық болып табылады.

Міндеттері:

1. Оқушының оқуы мен әлеуметтенуін жетістіктермен қамтамасыз ететін профилактикалық, психологиялық-педагогикалық түзету және әлеуметтік шараларды анықтау үшін баланың танымдық қызметінің даму деңгейі мен ерекшеліктерін анықтау, эмоциялық-ерік және жеке тұлғалық дамуын зерттеу.
2. Баланың әлеуметтік мүмкіндіктерін анықтау, жалпы және түзете оқыту мен тәрбиелеу үдерісін даралық-сараланған тәсілдемен қамтамасыз ету үшін білім беру үдерісіне қатысушыларға арналған ұсынымдар әзірлеу.

3. Психологиялық-педагогикалық қолдаудың және оқушылармен түзете дамыту жұмысының жеке бағдарламасын әзірлеу.
4. Баланың өзекті дамуын, оның жағдайының динамикасын бейнелейтін құжаттарды дайындау және жүргізу. Баламен тікелей жұмыс жасайтын педагогтардың, өзара әрекеттесулерін ұйымдастыру.

3. Мектептің психологиялық-педагогикалық консилиумның қызметін ұйымдастыру

1. Консилиум мәжілісінде балалар мен жасөспірімдердің мәселелерін талқылау ата-аналарының (заңды өкілдерінің) ынтасы бойынша, сондай-ақ бала оқитын немесе тәрбиеленетін сыныптың (топтың) педагогының, білім беру ұйымында жұмыс істейтін басқа мамандардың да бастамалары бойынша жүзеге асырылады.
2. Барлық маман баланы жеке-жеке тексереді. Әрбір маманның өзінің әдістемелері, тәсілдемелері, диагностикалық кешендері болады.
3. Тексеру нәтижелері бойынша әрбір маман консилиум үшін бекітілген түрде өз ұсыныстарын береді.
4. Алынған мәліметтердің негізінде (мамандардың қорытындысы) коллегиялды түрде ППк тұжырымдамасы жасалады, баланың жеке мүмкіндіктері мен ерекшеліктерін есепке ала отырып, түзете дамыту және оқу-тәрбиелеу жұмысын ұйымдастыруға арналған ұсынымдар әзірленеді.
5. Консилиум маман мүшелерінің кеңесін алған барлық балалар тіркеу және есеп журналына тіркеледі.
6. Консилиум жұмысына қатысқан мамандар және төрағасы тексеруден өткен балалар туралы ақпараттың құпиялылығын сақтауды қамтамасыз етеді.

4. Консилиумды дайындау және өткізу тәртібі

1. ППк жоспарлы және жоспардан тыс болып екіге бөлінеді.
2. Жоспарлы консилиум ерекше білім беруге қажеттіліктері бар балалармен жұмыс жоспарына сәйкес өтеді. Оның қызметі төмендегі міндеттері шешуге бағытталған:
 - бала дамуының ерекшеліктерін, оны оқытудың мүмкін болатын талаптары мен мақсаттарын анықтау;
 - түзете дамыту жұмысының мазмұнын қоса отырып, баланы психологиялық-педагогикалық қолдаудың жеке бағдарламасын құру;

- оқытудың, түзетудің және дамудың динамикасын бағалау, түзету жұмысына қосымшалар мен өзгерістер енгізу, оқыту түрін, тізімін, бағдаламасын өзгерту, қосымша тексеруді тағайындау.

3. Консилиумның жоспардан тыс мәжілісі мамандардың, педагогтар немесе ата-аналардың сұрауы бойынша ұйымдастырылады. Жоспардан тыс ІІІк келесі міндеттерді шешеді:

- туындаған мәселелерді талдау, оларды шешу жолын таңдау;
- рұқсат етілетін жүктемелерді, оқытудың тізімі мен түрін өзгерту қажеттілігін анықтау.

4. Баланың мәселелерін талқылау бойынша консилиум мәжілісін өткізуді дайындау, консилиумды өткізу мерзіміне дейін 10 күннен кеш болмайтындай жоспарланады.

5. Мамандар, баламен тікелей жұмыс істейтін жетекшілер консилиум мәжілісін өткізуге дейін 3 күннен кеш болмайтындай уақытта консилиум хатшысына қажетті құжаттарды, баланың жазба жұмыстарын тапсыруға міндетті.

6. Мәжіліс ІІІк төрағасының басшылығымен өтеді.

7. Жетекші маман жалпы жағдайды баяндайды. Баламен жұмысқа қатысатын әрбір маман бала туралы ауызша тұжырымдама береді.

8. Баланы тәрбиелеу мен оқыту бойынша ІІІк түзете дамыту жұмысын ары қарай жүргізу бойынша ұсынымдар педагогтарды қосқанда, баламен жұмыс істейтін барлық мамандарға міндетті болады.

9. ІІІк хаттамасы мәжіліс өткеннен кейін 2-3 күн ішінде дайындалады, оған ІІІк қатысқан барлық маман қол қояды.

Ұлытау облысы білім басқармасының
Жезқазған қаласының білім бөлімінің
«Малшыбай селосының №15 негізгі
орта мектебі»
КОММУНАЛДЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК
МЕКЕМЕСІ



КОММУНАЛЬНОЕ ГОСУДАРСТВЕННОЕ
УЧРЕЖДЕНИЕ
«Основная средняя школа №15 села Малшыбай»
отдел образования города Жезказгана управления
образования Улытауской области

100600, Жезқазған қаласы,
с. Малшыбай,
тел/факс: 8(71041)20569,
эл. мекенжайы: zhez_sh15@mail.ru
БСН 060240018298

БҰЙРЫҚ

131-Н
31.08.2022 г.

100600, город Жезқазған, с. Малшыбай,
тел/факс: 8(71041)20569,
эл. адрес: zhez_sh15@mail.ru
БСН 060240018298

ПРИКАЗ

№ *131-Н*

**Білім беру ұйымында
психологиялық-педагогикалық
консилиум құру туралы**

Бала дамуындағы қиындықтарды және оны оқыту мен мектепте
бейімделумен қамтамасыз етуді шешудегі кешенді, пәнаралық тәсілдемені
жүзеге асыру мақсатында

БҰЙЫРАМЫН:

1. Психологиялық-педагогикалық консилиумды қолдау қызметінің
мамандары мен білім беру процесіне қатысушылар арасындағы өзара
әрекеттесу ретіндегі келесі құрамда құру:

Тұрақты құрам:

1. Консилиум төрағасы мектеп директоры – Ж.Е.Карабеков
2. Директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары – А.С.Игенов
3. Мектеп психологы – А.А.Оспанова
4. Сынып жетекші – А.Ж.Игенова

Уақытша құрам:

Пән мұғалімдері

2. Психологиялық-педагогикалық консилиум жұмысын білім беру
ұйымындағы психологиялық-педагогикалық консилиумның қызметі туралы
ережелерге сәйкес ұйымдастыру директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары
А.С.Игеновқа міндеттелсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын өзіме қалдырамын.

№15 НОМ директоры



Ж.Е.Карабеков



№15 негізгі орта мектебінің 2022–2023 оқу жылына арналған психологиялық-педагогикалық консилиумды қолдау қызметінің жоспары

№	Іс-шаралар	Мерзімі	Жауаптылар
1	2022-2023 оқу жылына арналған психологиялық-педагогикалық консилиумды қолдау қызметінің жоспарын құру және бекіту	қыркүйек	Консилиум мүшелері
2	Қолдау қызметі мамандарының жұмыс жоспары мен сабақ кестесін құру және бекіту. Психолог, сынып жетекші, пән мұғалімдері	қыркүйек	Консилиум мүшелері
3	Балалардың оқуы мен тәртібіндегі қиындықтардың сипаты мен себептерін анықтау	үнемі	Консилиум мүшелері
4	Ерекше назарды қажет ететін балаларды қалалық ППк-ға жіберу	Анықталған жағдайда	Консилиум мүшелері
5	Ерекше назарды қажет ететін, мінез-құлқында қиындықтары бар балаларға жеке мүмкіндіктеріне сәйкес білім беруді дамыту үшін қажетті жағдайларды қамтамасыз ету	Жыл бойы	Пән мұғалімдері
6	Диагностикалық-консультациялық және түзетедамыту жұмысының нәтижелерін талдау барысында әдістемелік көмек көрсету	Үнемі	Психолог
7	Ата-аналар, қорғаншы мен қамқоршыларға консультациялық көмек көрсету	Үнемі	Әлеуметтік педагог
8	Оқытуда, дамуында және тәртібінде қиындықтары бар балалар мен жасөспірімдер туралы деректер қорын қалыптастыру	Жыл бойы	Консилиум мүшелері
9	ППк-ға ұсыну үшін оқушының дамуы, денсаулығы мен білім алу ерекшеліктері туралы қорытынды жасау	Жоспарға сай	Консилиум мүшелері